

ХАТТАМА № 2
Педагогикалық ұжымның әдістемелік кеңес отырысының

Күні: 25. 10.2025

Төрағалық етуші: Жұмабай С.С.

Хатшы: Өмірбек А

Қатысты: 6

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру (әдіскер).
2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру.
3. Ағымдағы мәселелер.

1 МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ: мекеме әдіскері тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру мәселелері, балаларды дамытудың заманауи әдістемелері және дидактикалық материалдарды тиімді қолдану жөнінде жеке кеңес берді, әр тәрбиешінің жеке сұрақтарына жауап берілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- 1) Әдіскердің жеке консультацияларының кестесін құрып, тәрбиешілерге жеткізу.
- 2) Дидактикалық материалдарды топтарда жүйелі жаңартып отыру.

Орындауға жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер

Мерзімі: қазан 2025ж.

2 МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ: меңгеруші Жұмабай С.С. ата-аналар үшін «Ашық есік күндерін» ұйымдастыру мен өткізу тәртібі, оның мақсаты мен міндеттері жөнінде ұсынымдар берді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- 1) «Ашық есік күндерін» өткізу кестесін жасап, ата-аналар қауымдастығына хабарлау.
- 2) Іс-шараны өткізуге қажетті материалдар мен көрнекіліктерді дайындау.

Орындауға жауапты: Меңгеруші Жұмабай С.С., тәрбиешілер

Мерзімі: қазан 2025ж.

3 МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ: мекеме меңгерушісі Жұмабай С.С. ағымдағы мәселелер бойынша ақпарат берді, тәрбиешілер тарапынан күнделікті жұмыс барысында туындаған сұрақтар талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:


- 1) Ағымдағы мәселелерді есепке алу және шешу жұмысын жалғастыру.
- 2) Келесі әдістемелік кеңес отырысының күн тәртібін дайындау.

Орындауға жауапты: Меңгеруші Жұмабай С.С.

Мерзімі: тұрақты

Төраға:

Хатшы:



Жұмабай С.С.
Өмірбек А